# СІЗДІ КИБЕРАЛАЯҚТАРДАН ҚОРҒАЙТЫН ҚАРАПАЙЫМ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ



ҚАРЖЫ АЛАЯҚТАРЫ ЕРЕКШЕ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТАДЫ.

ОЛАР ҮНЕМІ АЛДАУДЫҢ ЖАҢА СХЕМАЛАРЫН ОЙЛАП ТАБАДЫ.




**Сондықтан, өте сақ болу және келесі қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет:**

Өз компьютеріңіз бен мобильдік құрылғыларыңыздың қауіпсіздік қызметтерін пайдаланыңыз: вирусқа қарсы қорғаныс, күрделі құрама парольдер, компьютерде немесе мобильдік құрылғыда жеке деректерді ашық түрде сақтамаңыз;

Жеке деректерді интернетте жарияламаңыз: форумдарда, әлеуметтік желілерде және т. б.;

Өздерін қаржы ұйымдарының қызметкерлері деп таныстыратын бейтаныс адамдардың қоңырауларына сенбеңіз, оларға жеке деректеріңізді, әсіресе PIN-кодты, CM/CMC-кодты (картаның артқы жағындағы үш таңбалы нөмір) айтпаңыз;

Белгісіз және күдікті мекенжайлардан алынған электрондық хаттарды ашпаңыз, электрондық пошта, әлеуметтік желілер немесе SMS арқылы жіберілген күмәнді көздерден келген сілтемелер бойынша өтпеңіз;

Егер сіз онлайн-сатып алуды жиі жасасаңыз, онда интернет-сатып алу үшін жеке карта (мысалы, виртуалды карта) арнағаныңыз дұрыс;

Онлайн сатып алудан бұрын, сіз кірген сайттың шынымен интернет-дүкенге тиесілі екеніне және оның мекенжайы http:// емес, https://-тен басталатынына көз жеткізіңіз;

Төлем карталарыңызға SMS-немесе PUSH-хабарламаларды қосыңыз;

3D-Secure функциясын ешқашан өшірмеңіз;

PIN-кодтарды карточкалармен бірге сақтамаңыз және оларды ешкімге жарияламаңыз. Банк карталарын үшінші тұлғаларға (тіпті туыстарына), соның ішінде кафелер мен мейрамханаларда төлем жасау үшін бермеңіз;

Банктік аккаунттарға кіру үшін ашық wi-fi кіру желілерін пайдаланбаңыз;

Карта жоғалған жағдайда, банктің жедел желісіне қоңырау шалып, оны дереу жауып, барлық операцияларды тоқтатыңыз, сондай-ақ, шоттарды бұғаттау мақсатында қысқа мерзімде Банк бөлімшесіне барған жөн.

## МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА:

өз шоттарыңызда әдеттен тыс белсенділікті байқаған болсаңыз;

өз шоттарыңызға қашықтан қол жеткізе алмасаңыз;

картаңызды қызмет көрсетуге қабылдамайтын болса дереу банкке хабарласыңыз

FinGramota
Повышение финансовой грамотности населения